



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

7.09.2023 № 5 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 7 қыркүйектегі  
қаулысы**

**«Жайлы мектеп» жобасын  
іске асыру барысы туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) «Жайлы мектеп» жобасының іске асырылу барысы туралы ақпаратты тыңдалап және талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

«Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасы аясында 2023 – 2025 жылдары елордада 88 800 оқушы орнымен екі ауысымдық 24 мектеп салу жоспарлануда, оның ішінде 23 мектеп орта білім беру үйімдары жаңа объектілерінің нысаналы құрылышы арқылы және 1 мектеп салынған объектілерді тауар ретінде сатып алу арқылы іске асырылатын болады.

Бұгінгі таңда 24 жер участекінің 18-i «Samruk Kazyna» АҚ-на қайта ресімделді, бес участке бойынша алып қою және бұзу жұмыстары жүргізілуде, бір участке сатып алу тетігі бойынша өтуде, онда жер участекі бөгде жер пайдаланушылардан босатылған.

«Samruk Kazyna» акционерлік қоғамы 21 участке бойынша конкурстық ресімдер өткізді және құрылыш-монтаждау жұмыстарына шарттар жасасты. Қалған екі жер участекі бойынша ағымдағы жылдың қазан айында конкурстық ресімдер өткізу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жобалау-сметалық құжаттамасын өзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Сараптама қорытындысын қазан айында алу және ағымдағы жылдың қараша айында құрылыш-монтаждау жұмыстарына кірісу жоспарлануда. Инженерлік желілер құрылышын аяқтау шамамен 2024 жылдың маусым-шілде айларында жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, тұрақты комиссия мынаны атап өтеді: 24 мектептің құрылышы білікті оқытушылардың тапшылығына әкелуі мүмкін. Бұған дейін мәслихат елордалық педагог мәртебесін арттыру қажеттігін қарастырған болатын, онда мұғалімдерге, сондай-ақ мектептердің өзге де қызметкерлеріне түрлі женілдіктер беру көзделген. Осыған байланысты бұл мәселені жан-

жақты талдап, мектептерге жоғары білікті оқытушыларды тарту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Сондай-ақ, инженерлік желілерді жобалау мен мектеп құрылышын жоспарлаудың алғашқы кезеңінде қолданыстағы мектептерде орын алып отырған проблемаларды болдырмау үшін тиімді шешімдер таңдау мүмкіндігі бар. Жылумен және сумен жабдықтаудың ең үнемді және энергия тиімділігімен жүйелеріне артықшылық беру қажет. Сонымен қатар, мектептерге ынғайлы және кең кіреберіс жолдарды, тұрақ орындарын, жасыл желектерді автоматты суару жүйелерінің болуын көздеу қажет. Салынып жатқан гимараттар мен олардың айналасындағы кеңістіктердің мүгедектер үшін инклузивтілігі ерекше маңызды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

### **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру барысы туралы ақпарат назарға алынын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

оқытушылар құрамының тапшылығының алдын алу және мектептерге жоғары білікті кадрларды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

«Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде салынып жатқан мектептерді қалалық және ұлттық электрондық кітапхана жүйесіне қосуды көздеу;

Астана қаласы мәслихатының депутаттарын «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде салынып жатқан мектептер үшін жабдықтарды іріктеу жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамына енгізу;

елордада алдағы үш жылда құрылышы жоспарланған білім беру объектілерінің тізбесін ұсыну;

2024 жылға қаланың қолданыстағы мектептеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуі жоспарлау;

№ 19 мектеп базасында әскери-патриоттық мектеп жобасының тұжырымдамасын ұсыну ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ:

салынып жатқан мектептер үшін энергия тиімділігімен инженерлік инфрақұрылым салу жөнінде шаралар қабылдау;

мектептердің инженерлік инфрақұрылымын жобалау кезінде олардың мобильділігі төмен адамдар үшін бейімделуін көздеу ұсынылсын.

4. «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамына:

қажетті инженерлік инфрақұрылымды, инженерлік инфрақұрылымды жүргізуге жауапты мемлекеттік органдарды және проблемалық мәселелерді көрсете отырып, салынып жатқан 23 мектеп бойынша схеманы ұсыну;

Астана қаласы мәслихатының депутаттары үшін «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде мектептер құрылышы жөніндегі онлайн-платформаға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

№12 аумақтық сайлау округінің депутатымен бірлесіп, Қайсенов көшесі, 4-үй мекенжайы бойынша салынып жатқан мектеп ауданының

тұрғындарымен кездесу өткізу;

«Интегра» компаниясының мектеп салу тәжірибесі жоқ екенін ескере отырып, осы компанияның «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде мектеп салушы ретінде айқындалуы бойынша ақпарат беру;

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жергілікті өндірушілерді белсенді тарту ұсынылсын.

5. Қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының  
төрағасы**

**А.Смагұлов**